

**Т.Шаханов атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектебі «КММ»
Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №1**

14.09.2023 ж

Қатысқандар:

Ата-аналар: 20

Күн тәртібінде:

- 1.(Мектеп және отбасы) (баяндама)
2. 1-тоқсанның қорытындысы
3. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Мектеп және отбасы жайлы баяндама оқылды. Баяндамада оқушының мектепте сапалы білім, саналы тәрбие алуына көбінесе мектеп пен ата-ана тығыз байланыста болса ғана, жақсы нәтижеге қол жеткіземіз
2. Сөйлеуші ата-ана комитеті Апендова А (Мектеп және отбасы)жайлы баяндамада айтылған даналық сөздерге тоқтала кетіп, баяндаманы қанағаттанарлық деп, ата-аналар атынан рахметін айтты.
3. 1-тоқсанның қорытындысы бойынша сынып жетекшісі Альжанова М.О оқушылардың оқу үлгерімдері жайлы сөз қозғады. Атап айтатын болсақ Хасенов Исламды үйде ата-анасы көп қадағалауды қажет етеді.
4. Оқушылардың гигиеналық тазалығына тоқталу. Аман Д, Шайкен А шаштары өскен және оқу құралдарын таза ұстауына үйде ата-анасы көңіл бөлуін сұраймын

Қаулы етеді:

Келесі тоқсанда оқушылардың білім деңгейінің көтерілуіне ата-ана толықтай жауап берілуіне уәде етті

Сынып жетекшісі: Альжанова М.О

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Апендова А. Ж

Т.Шаханов атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектебі «КММ»

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Күні, айы, жылы: қазанның 30-ы 2023 жыл

Барлығы 19 ата-ана, Қатысқаны-12 ата-ана

Күн тәртібінде:

1.Баяндама .Тәрбие тал бесіктен. (баяндамашы сынып жетекшісі Альжанова М.О)

2.Бірінші тоқсан қорытындысы

3. Әр түрлі мәселелер.

Жиналыс барысы:

I. Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Альжанова М.О баяндама оқыды. Баяндама барысында балаға тәрбие осы күннен басты назарда болу керектігін және бала тәрбиесінің ерекшеліктері тағы басқа да мәселелер жөнінде және де осы мәселелерге жауапты ата-аналар мен ұстаздар екенін ерекше айтып өтті.

Шығып сөйлеушілер:

1. Апендова А .(ата-ана): Баяндамада өте жақсы айтылған, мен өзім 3 бала тәрбиелеп отырмын, қазіргі дамыған заманда бала тәрбиесіне ерекше мән беруіміз керек. Әйтпесе бала әртүрлі ақпараттар ағымында кетіп қалуы мүмкін.

2. Аманбек Ботагоз .(ата-ана): «Тәрбие тал бесіктен» дегендей, бала тәрбиесіне алдымен ата-ана өзіміз жауаптымыз. Балаға ерекше, әдейі уақыт арнап қарау керек. Бұрынғы замандай өздері өседі деу қиын, өйткені қазіргі заман техника заманы, мәліметтер жан жақтан беріліп жатыр, сондықтан балаға дұрыс жөн сілтеп, тәрбие беру біздің міндетіміз.

3. Сынып жетекшісі Альжанова М.О тәрбие тал бесіктен басталатынын ерекше ескертті.

II. Сынып жетекшісі Альжанова М.О екінші мәселе туралы сөз қозғады. I оқу тоқсанының қорытындысы бойынша әрбір оқушының дамуы, қабілеттері жөнінде айтты. Сыныптағы 19 оқушының білімі мен тәртібіне тоқталды.

Шығып сөйлеушілер:

Асембаева Р..(ата-ана): Даниярдың сабағын қадағалап отырамын, бірақ күндіз жұмыста боламын. Сол уақытта үйде өзі қалады, әжесі оқытады.Жұмыстан келген соң міндетті түрде сабағын сұрап қадағалап отырамын.

2.Идрисова Ж .(ата-ана) Бекнұрдың сабағын үнемі қадағалаймын. Баламның сабақ оқығанына, тапсырмаларды өз бетімен ізденіп орындайтынына риза боламын.

3.Қошқарова С(ата-ана) Сұлтан ерке.еріншектеу. Өз бетімен оқыған уақытта тез көзімен бір шолып оқиды. Сұлтан нағашы әжесінің үйінде тұратындықтан әжесі оқытады, бірақ қасында отыруына үй шаруасына байланысты уақыты бола бермейді. Сондықтан сабақтан тыс уақытта өзінің ерекше қарап, қадағалап отыруыңызды сұраймын.Әрбір ата-ана балаларының тәртібі мен сабақ үлгерімдеріне, үйде сабаққа қалай дайындалатыны жөнінде тоқталып өтті.

III. Сынып жетекшісі Альжанова М.О мектепте болып жатқан өзгерістерге тоқталды. Алда II оқу тоқсанында zoom платформасымен ашық есік күндері болатынын айтты. Сол күндері телефонмен қарап, балаларының сабағын, оқу әрекетін бақылап көруге болатынын айрықша ескертті..Сонымен қатар оқушыларды сабаққа кешіктірмей жіберуді, жеке бас тазалықтарын қадағалауды, сабақтан қалдырмауды, үнемі өзімен байланыста болуды ескертті. Каникул күндеріндегі балалардың қауіпсіздігіне ата-аналардың жауап беретіндігін ерекше ескертті.

**Т.Шаханов атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектебі «КММ»
Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №3**

Күні: 29.03.2024

Қатысқаны: 18 4 «Ә» сыныбы

Күн тәртібінде:

1. Сауалнама. Бала тәрбиесі баршаға ортақ. (Сынып жетекшісі Альжанова М.О)
2. Екінші тоқсан қорытындысы
3. Ағымдағы мәселелер.

Жиналыс барысы:

I. Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Альжанова М.О сөз алып, ата-аналарды алдымен топқа бөліп ата-аналарға сауалнама сұрақтарын айтты. Сауалнама сұрақтарына ата-аналар өз жауаптарын ватсап желісі арқылы жазып жіберді

II. Класс жетекшісі Альжанова М.О екінші мәселе туралы сөз қозғайды 2023-2024 оқу жылының II оқу тоқсанында 4 «Ә» сыныбында 19 оқушы болды. Оның 11-ер бала, 8- қыз бала. 4 «Ә» сынып оқушылары мектептің ішкі тәртібі мен оқушы ережесін, қазіргі жағдайға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтайды. Сыныпта қиын оқушы жоқ. Сынып оқушылары белсенді, сабаққа ынталы, дегенмен ата-ана тарапынан көмек қажет етеді. Бейсенбі күні тәрбие сағаты өткізілді. Жоспар бойынша тәрбие сағаттары жүргізіліп, ата-аналардың қатысуымен ZOOM платформасымен ашық есік күндері өтті. Ата-аналар білім алушылардың білім деңгейлері мен сабақтағы оқу әрекеттерімен танысты.

Шығып сөйлеушілер:

1. Идрисова Ж (ата-ана): Анельдің сабағын үнемі қадағалап отырамын. Жүргізіп оқып келе жатыр, тек өзі жай, баяу қимылдайды, есепті де тез шығарады.
 2. Амирова Бақытгүлдің (ата-ана): Аянның сабағына үнемі апасы қарайды. Кейде тәтесі көмектесіп отырады. Ағылшын тілі мен русский язык пәндерінен сөздіктерді жаттағанда қиналамыз.
 3. Аманбек Б Жасмин сабағын өзі оқиды, бірақ үнемі өзім қадағалап отырамын. Математиканы жақсы көреді. Русский язык пен ағылшын тіліне көмек беріп отырамын. Әрбір ата-ана балаларының тәртібі мен сабақ үлгерімдерін, үйде сабаққа қалай дайындалатыны жөнінде тоқталып өтті.
- III. Сынып жетекшісі Альжанова М.О Ағымдағы мәселелерге тоқталды. Демалыс күндеріндегі балалардың қауіпсіздігіне ата-аналардың жауап беретіндігін ерекше ескертті.

Қаулы етті:

- I. «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбындағы сауалнама сұрақтары еске алынсын.
- II. Оқушылардың тәртіптерін және сабақ үлгерімдерін жақсартамыз!
- III. Көктемгі қауіпсіздік ережелерін сақтау

Жиналысты жүргізген:
Хатшы:

Альжанова М.О
Аманбек Б

**Т.Шаханов атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектебі «КММ»
Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №4**

2023-2024 оқу жылы бойынша ата-аналар арасында жиналыс болып өтті.

18.05.2023 ж.

Жалпы ата аналар саны-19

Қатысқаны – ата-ана

Күн тәртібінде:

- 1.4 тоқсан оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
- 2.Жазғы сыртқы лагерь жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы
- 3.Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі туралы
4. Жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы
- 5.1-4-9-11 бітіруші сыныптарда қорытынды емтихан т.б кезінде ата аналардан ақша жиналмайтыны туралы таныстыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шаралар
- 6.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша таныстырылып өтті. Оқу-тәрбие жұмыс бойынша есеп берілді (қосымша жалғанды есебі)

Ата- аналар жиналысына толық ата аналар қатыстырылды.

2 мәселе бойынша жазғы сыртқы лагерьге баратын оқушылардың тізімін, уақытын , қажетті құжаттарды жинау бойынша ата аналарға тансытырылды.

3 мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйлеп қауіпсіздік ереже аналарға үгіт-насихат жұмыстар жүргізіп, кол қойғызды.

4 мәселе бойынша жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы ережесімен таныстырылып , ата аналарға мектеп формасының үлгілері көрсетіді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Оқушылардың сабаққа дайындығын бақылау, сыныптың білім сапасын көтеру.
2. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар түсіндіріп отырсын.